

ӘӨЖ 303.01

**ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ:
ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Барлықбаева Мәдина Асылтайқызы
mbarlykbaeva@gmail.com

«БВ02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,
Халықаралық қатынастар факультеті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Абжаппарова Б.Ж.

Пәннен аралы мен корей конфронтациясын жете түсіну үшін Оңтүстік Кореяның халықаралық қатынасы тарихына шолу жасау арқылы екі Корея және Солтүстік Шығыс Азия елдеріне арналған стратегияларын қарастырғанымыз абзал. Корея қашан да қасында орналасқан көрші елдерінің ықпалына түсіп отырған мемлекет, бұл тек мәдениет, сауда және тұрмыстық өмір салтына ғана емес, саяси және елдің тарихының өзгеруіне де әсер етті. Корей тарихына қарап көрсек, маңызды әрі ел тарихын өзгерткен тарихи оқиғалар көп болғанымен, ғалымдар оларды тек өткен ғасырдың 50-ші жылдарының аяғында ғана жинақ ретінде шығарып, зерттеуге ала бастады.

Батыс империализмі келгенге дейін корей ғалымдары (негізінен Конфуцийшіл философтар) аймақтық саясатқа немесе ұлттаралық қатынастарға өз көзқарастарын білдірді. Нақты позитивистік әлеуметтік ғылымның болмауынан олар Қытай орталық ретінде салып, Солтүстік тайпалармен және Жапониямен қарым-қатынастың негізіне көп көңіл бөлді. Олар өркениеттің стандарты корей өркениеті тапқан Қытай орталығынан келді деп ойлады. Жеке адамнан отбасы мен мемлекет арқылы бүкіл әлемге енетін дәйекті интеллектуалды моральдық негіз жасай отырып, корей ғалымдары қытай центризмін мен империялық Қытай алым жүйесінің механизмінде өзін жайлы сезінді (алым жүйесі - 1911 жылы Цин әулеті құлағанға дейін Қытаймен дипломатиялық және сауда қатынастарын жүргізу формасы).

Кореяның “ашылуы” 1876 ж. Жапонияның порттарға шабуылынан басталды. Сырт көзге тек қана қарапайым шабуыл болып көрінгенімен, Жапониямен келісімшартқа отырып, “тәуелсіз” мемлекет ретінде мойындау және мойындалу, ұлттық егемендіктің не екенін түсіну корей қоғамына және зерттеушілеріне таңсық болды. Осы оқиғадан кейін Корея Батыс елдерімен әртүрлі келісімдерге келіп (әрине, көп келісімдер Батыс империализмін көрсететін Кореяға тиімсіз келісімдер болды), ресми түрде халықаралық аренаға таныла бастады. 1648 ж. Еуропада орнаған Вестфалия режимі Кореяға үш ғасырдан кейін ғана келді, алайда, Еуропадан қарағанда бұл жүйе Кореяда тез қалыптасты. Осылайша, Корея империализммен қатар күштердің тепе-теңдік жүйесіндегі (balance of power) басқаруды қалайтын супер державалардың бәсекелестігі ортасында қалған елге айналды.

Өтпелі кезеңде (1876-1910) корейлерге дәстүрлі аймақтық саясаттан қазіргі халықаралық жүйеге көшу қиынға соқты. Біріншіден, корей ғалымдары ұлттық егемендік тұжырымдамасын түсінуге тырысты. Алайда империялық егемендік дәстүрі оларға егемендік теңдігі мен ішкі араласпау нормаларын түсінуге кедергі келтірді. Екіншіден, халықаралық жүйенің нормативтік-құқықтық айырмашылығы, нақты саясат және халықаралық қатынастардың қатал шындығы арасындағы алшақ қатынас корейлерді шатастырды. Корей ғалымдары Корея егеменді мемлекет ретінде танылғаннан кейін, қазіргі келісімнің субъектісі бола отырып, аумақтық тұтастық автоматты түрде сақталуы керек деп санады. Алайда болған оқиғаның тәжірибесі олардың үміттерін ақтамады. Аумақты заңсыз басып алу және ішкі араласудың көптеген жағдайлары корейлерге құқықтық келісімдер эмпирикалық егемендікке немесе тіпті заңды егемендікке кепілдік бере алмайтындығын үйретті. Үшіншіден, Кореяның қазіргі мемлекеттік жүйеге кірген кезеңі империализм кезеңі болды. Ал империалистер үшін ұлттық егемендік тек күшті державаларға ғана берілді, бұл корейлерді егемендігін қорғаудан тыс қалдырды. Чосон императоры 1907 жылы Гаага бейбітшілік конференциясына және 1919 жылы Версальға өкілдерін жіберіп, бірақ нәтижесінде сәтсіздікке ұшырап, халықаралық қауымдастықтан ешқандай көмек болмаған кезде, корейлер ұлттық өзін-өзі анықтау принципі (principle of national self determination) империалистік логикаға қарсы әлсіз екенін түсінді.

Халықаралық қатынастар жеке ғылым ретінде 1945 жылдан кейін Корея жапон отаршылдығынан босатылған кезде қалыптаса бастады. Бұған дейін Кореяның өз көзқарасын немесе халықаралық қатынастар теориясын дамыта алатындығын елестетудің өзі қиын болды, өйткені 1876 жылы Корея қазіргі мемлекеттік жүйеге біріктірілген кезде және одан кейін 35 жыл бойы жапондық отаршылдық басқарудан Батыс империалистік державалардан зардап шекті (Ку 1985). Бұл жағдайда 1948 жылы Оңтүстік Корея үкіметінің құрылуы қазіргі ХҚ теориясы тұрғысынан Оңтүстік Кореяның халықаралық қатынастарын теоретизациялаудың бастапқы нүктесі болды. Корея тарихында алғаш рет халықаралық қауымдастық Оңтүстік Кореяны заңды егемен мемлекет деп таныды. Осы кезеңнен бастап ғылым бағытының басты ерекшелігі - жапондық академиялық ықпал айтарлықтай төмендеп, батыс ғылымдарының, әсіресе АҚШ-тың әсері Оңтүстік Кореяның халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми еңбектерінде басым болды. 1950 жылдардан бастап Оңтүстік Корея ғалымдары Батыс теорияларына сәйкес Корей түбегінің айналасындағы халықаралық қатынастарды теориялық талдау бойынша жұмыс жасады [1].

Алайда, 1950-1953 ж. арасында халықаралық қатынастар теориясына корей тарихын кіргізу тағы бір ел үшін маңызды оқиғадан кейін мүмкін болмады. Екі Корея 1950 жылдары Хальштейн доктринасы негізінде (Батыс Германияның Шығыс Германияны жау мемлекеті деп танитын басқа мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды бұзуға бағытталған сыртқы саясаты) дұшпандық қарым-қатынасты сақтағанмен, 1953 жылғы бітімнен кейін Оңтүстік Корея соғыс болмаған кейіпке келуге бар күшін салды және соғысқа да, саяси одақтармен де араласпаған үшінші әлем елдерімен (non-aligned nations) айтарлықтай ынтымақтастық орнатуға тырысты, халықаралық ұйымдарға мүше болып кіре бастады.

Осыдан кейін дипломатиялық стратегияда қоғамдық дипломатияға да орын берілді, өзінің сыртқы саяси мақсаттарына жету үшін Оңтүстік Кореяның әскери қызметі барлық ресурстарын соғыстан кейін қалпына келтіруге бағыттады. Басқаша айтқанда, Оңтүстік Корея азат етілу, ұлттық сананы құру, саяси және әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында қазіргі әлеммен алғаш танысқандықтан, халықаралық қауымдастықты оның тарихы мен тәуелсіз мемлекет ретіндегі әлеуеті туралы хабардар ету маңызды болды. Бұл мәселе әсіресе өте өткір болды, өйткені Солтүстік және Оңтүстік Корея өз тарихи заңдылығы үшін күресті жалғастырды. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяның ең мықты одақтасы АҚШ Корей

саясатының американдық анти-коммунистік позициясын алға жылжытуға көмектесе алатын барлық саясатын қолдады [2].

АҚШ қолдауы тек Оңтүстік Кореяның сыртқы саясатына ғана емес, ғылымына да әсер еткенін 60-70 ж. оқулықтар мен зерттеулерден байқай аламыз. Джордж Кеннан, Гарольд Николсон, Р. Остуд және Джон Ф. Даллес сынды басқа американдық авторлардың еңбектері таныстырылды және оқытылды. 1970-1980 жылдары орын алған көптеген өзгерістер, мысалы *détente*, мұнай дағдарысы, үшінші әлем елдерінің өрлеуі, Оңтүстік Кореяның демократияландыру қозғалысы және Оңтүстік Кореяның жаңа индустриалды экономикалардың бірі ретінде экономикалық дамуы (NIES) Оңтүстік Корея ғалымдары арасындағы академиялық проблемалар мен мәселелерде көрініс тапты. Сонымен қатар, күрделі өзара тәуелділік (*theories of complex interdependency*), режим теориясы, тәуелділік теориясы, әлемдік жүйелер теориясы (*world systems theory*) және сыни теория теориялары дәлелдеген ХҚ теорияларының жаһандық деңгейде дамуы Оңтүстік Корея ғалымдарының академиялық жұмыстарына серпін берді.

1990-2000 жылдардағы Оңтүстік Корея қырғи-қабақ соғыстың аяқталуымен Ресей және Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты, Солтүстік Кореямен татуласу, алмасу және ынтымақтастық туралы әртүрлі келісімдерге келіп, президент Ким Дэ Джун “Күншығыс саясатын” іске асыру үшін экономикалық бірлестікке жол ашылған кезең болды. Аймақтық халықаралық қатынас та 90-шы жылдары өзгере бастады. Оңтүстік Корея, Қытай және Жапония АСЕАН+3 елдері ретінде Оңтүстік-Шығыс Азиямен сауда және экономикалық белсенділікке ұмтыла бастады, АСЕАН аймақтық форумы (АРФ), Солтүстік-Шығыс Азиядағы ынтымақтастық диалогы (NEACD) сияқты көпжақты қауіпсіздік институттарының алғашқы дамуына байланысты аймақтық қауіпсіздік тәртібі де күрделене түсті. Солтүстік-Шығыс Азияның барлық елдері арасындағы экономикалық қатынастар жанданды. Аймақ ішінде Оңтүстік Корея, Жапония және Тайваньды демократияландыру осы елдердегі азаматтық қоғамның өсуіне және әртүрлі елдердегі халықаралық үкіметтік емес ұйымдар арасындағы қатынастардың нығаюына ықпал етті. Сонымен қатар, онжылдықтың соңында енді ғана көтеріліп келе жатқан Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс аймағындағы елдердің барлығы бірдей ішкі және Азия экономикалық дағдарысынан зардап шекті.

Жаңа мыңжылдықты Оңтүстік Корея 2000 және 2003 жылдардағы екі бірдей Корея саммиттерімен бастады. Бірақ ядролық қауіп және 9/11 оқиғасынан кейін Солтүстік Корея және АҚШ-тың стратегиялары мен осы елдердің Кореямен қарым-қатынасы да өзгерді. 2002 ж. Корея мен Жапонияда өткен әлемдік футбол чемпионаты, Оңтүстік Кореяның жұмсақ күшіне айналған корей толқыны- Халлюдің (*한류*) Қытай мен Жапония, кейін Оңтүстік-Шығыс Азия мен Австралияда аса үлкен танылмалдылыққа ие болуы, Пан Ки Мун мырзаның БҰҰ Бас Хатшысы қызметін атқаруы Кореяның жаңа ғасырдағы имиджін өзгертуге және қоғамдық дипломатиясын нығайтуға үлкен үлесін қосты.

Оңтүстік Кореяның Солтүстікпен қарым-қатынасы консервативті партияның өкілдері билікке келгеннен кейін өзгере бастады. 2017 жылдың мамырында билікке президент Мун Джэ Ин және оның әкімшілігі келді. Жаңа үкімет келе сала 14 мамырда Солтүстік Корея баллистикалық зымыранды сынақтан өткізген кезде бірден сыналды, себебі сайлау науқаны кезінде Мунның сыншылары оның Солтүстік Кореяға деген көзқарасын “Күншығыс” саясатының ақылға сыймайтын жалғасы ретінде сипатталған еді. Соған қарамастан, 2018 жылы Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея арасында және АҚШ пен Солтүстік Корея арасындағы саммиті өтті. Ядролық қарусыздану туралы келіссөздер 2019 жылдан бастап Солтүстік Корея санкцияларды жеңілдетуді талап еткен кезде тоқтады. Ал 2021 ж. Солтүстік Кореяның гиперсонды қаруы сыналды. Осыған орай 2021 ж. Пхеньян

Вашингтон саясатындағы өзгерістердің ешқандай белгілерін көрмейтінін айтты. “АҚШ Жапонияның да, Оңтүстік Кореяның да жақын әскери және экономикалық одақтасы болғанмен, азиялық көршілер арасындағы байланыс егемендік даулары, 1910-45 жылдары Жапонияның Корей түбегін жаулап алуы және олардың соғыс тарихы сияқты мәселелер бойынша жиі шиеленісіп отырды.”- деп Al-Jazeera газетінде АҚШ-тың Жапония мен екі Корея арасындағы келе жатқан жау-дамайлардың бар екендігін ақпараттық портал көрсетті. Үш ел де Корей түбегінде ядролық сынақтардың өткендігін қаламайтындығын осы жерде айта кетуіміз керек, әйтпесе тек түбек қана емес, барлық аймақ, тіпті Ресейдің Қиыр Шығыс аймағы да жапа шегеді [3].

Кореяның халықаралық қатынастар тарихы және теориялық тәсілден кейін, енді Оңтүстік Кореяның Солтүстік-Шығыс Азия елдері мен АҚШ-қа бағытталған саясатын қарастырып көрсек:

Ханкук Шет тілдер Университеті Ли Сан Хван профессордың айтуы бойынша, Кореяның алдында Солтүстік-Шығыс елдерімен сыртқы саясатта екі бірдей таңдау тұр: Біріншісі, біз жасай алатын стратегиялық таңдау - бұл теңдестіру стратегиясы (균형 전략 (balancing strategy)). 19-шы ғасырдан 20-шы ғасырға дейін біз егемендікті жоғалтудың ең нашар нәтижесі болған әлсіз тәуелсіздікке ұмтылды. Онда ұлттық билік емес, таңдалған стратегиялық теңдестіру қолдауға ие болды, бұл өз кезегінде Кореяның тәуелсіздігіне қауіп төндіретін шамадан тыс шетелдік араласуды тудырды. 21 ғасырдың басынан бері Солтүстік-Шығыс Азиядағы тепе-теңдік теориясы академияда біраз дау тудырды. Мұнда күн тәртібінде теңдестірілген стратегияны ұстану керек пе деген сұрақ тұр.

Солтүстік-Шығыс Азиядағы бұл тепе-теңдік теориясы дұрыс түсінілмеді, өйткені тепе-теңдік ұғымы халықаралық саясатта ұлттық күшке негізделген аймақтық тәртіпті түзету үшін күш тепе-теңдігі ретінде қолданылды. Бұл талқылау уақыты Жапонияға қатысты аумақтық мәселелер бойынша қатаң саясаттың дамуымен және Қытаймен салыстырмалы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың нығаюымен тұспа-тұс келді, бұл әрине де түсініспеушілікті тудырды [4]. Автор қазіргі уақытта тепе-теңдік стратегиясы тәуелсіз дипломатияның кең ауқымында жағымды болып көрінетінін айтады, бірақ Кореяның мүмкіндіктерін ескере отырып, оның шектеулері айқын дейді.

Екіншіден, біз еру арқылы алға жылжу (편승 전략- (bandwagoning strategy))-ға негізделген стратегияны қолдана аламыз. Америка Құрама Штаттарының ядролық қолшатырының (nuclear umbrella) астында жарты ғасыр бойы біздің Корея қырғи қабақ соғыс кезінде қауіпсіздікті еркін әлемдік тәртіптің (free world order) алдыңғы қатарында ұстады. Бұл Оңтүстік Кореяның Қытай және Ресеймен бірге “солтүстік үшбұрышты” құрылымына, Оңтүстік Кореяның, Америка Құрама Штаттарының және Жапонияның “оңтүстік үшбұрышты” құрылымына дайын екендігіміздің көрінісі.

Қырғи қабақ соғыс құрылымында Корея АҚШ-тың әскери күшіне сүйене отырып, табиғи түрде алға жылжыды деп айтуға болады. Қырғи қабақ соғыстың қауіпсіздігіне деген көзқарас қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін жоғалып кетті және біз өз қауіпсіздігімізге жаңа көзқарас іздедік. Қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, Солтүстік-Шығыс Азияда қырғи қабақ соғыстың құрылымы әлі де бар, бірақ Америка Құрама Штаттарының артынан сөзсіз еру дұрыс емес немесе дұрыс ой екендігі туралы консенсус бар.

Екінші жағынан, Солтүстік Корея Қытайдың көтерілуіне кедергі жасау немесе кідірту қиын екенін мойындайды және өзінің стратегиясын Қытайдың көтерілу және құлдырау нәтижелерін өз мүдделеріне сәйкес түзету және елге келтірілген залалды азайту үшін қолданады. Солтүстік Кореяның Қытайды нығайтуға бағытталған стратегиясы негізінен режимді тұрақтандыруға, экономиканы қалпына келтіруге және АҚШ-тың дұшпандық саясатын болдырмауға бағытталған [5].

Бұл күшті державалардың артынан еру стратегиясы- әлсіз елдер негізінен өмір сүру үшін таңдайтын саяси таңдау, бұл жағдайда әлсіз елдердің күшті елдерге көнуі - күшті елдердің тікелей қауіп-қатерлерінен аулақ болуға бағытталған сыртқы саясат. Алайда, Солтүстік Кореяның АҚШ-қа қарсы қарама-қайшылықты дипломатиялық стратегиясы қауіпсіздікке қауіп төндіретін әлсіз елді пайдалану күшті елге бағынуды білдірмеуі мүмкін және әлсіз ел оның талаптарын біржақты қабылдау процесін сезінбеуі мүмкін [6].

Қазіргі уақытта стратегия тартымды болып көрінеді, өйткені бұл өмір сүру мақсатына жетудің арзан әдісі, бірақ ол өзінің шектеулерін державалар арасындағы қажетсіз қақтығыстарды тудырады және Корей түбегін қырғи қабақ соғыстың қауіпсіздік құрылымында қалдырады. Сонымен қатар, егер Корея АҚШ-тың қазіргі одақтасы және жаңа күшке айналған Қытай арасындағы соғыс басталса, сапардың мақсаты кім екендігі туралы пікірталаста бұл бақыланбайтын дүрбелеңге әкелуі мүмкін. Осылайша, мақсатты елді таңдау абай болу керек, өйткені екінші Тарапты жау еліне айналдыру қаупі бар [7].

Бұл жағынан қазіргі уақытта стратегия бұл тірі қалуды қамтамасыз ету мақсатына (생존 확보) жетудің оңай жолы деген мағынада орынды болып көрінеді, бірақ ол өзінің шектеулерін державалар арасындағы қажетсіз қақтығыстарды тудырады және Корей түбегін қырғи қабақ соғыстың қауіпсіздік құрылымында қалдырады [8]. Сонымен қатар, егер Корея АҚШ-тың қазіргі одақтасы және жаңа күшке айналған Қытай арасындағы соғыс басталса, сапардың мақсаты кім екендігі туралы пікірталаста бұл бақыланбайтын дүрбелеңге әкелуі мүмкін. Осылайша, мақсатты елді таңдау абай болу керек, өйткені екінші тарапты жау еліне айналдыру қаупі бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Buzan, B., and Acharya, A. edit (2010). Non-Western International Relations Theory: Perspectives on and Beyond Asia. Chun C. Why is there no non-Western international relations theory? Ch. 4 Reflections on and from Korea. Routledge, Taylor & Francis Group. 70-71.
2. Lee, S., (2015). South Korea's Middle Power Activism and the Retooling of its PD. Understanding PD in East Asia Middle Powers in a Troubled Region. Melissen J., and Son, Y., edit .Palgrave Macmillan, 10.
3. Aljazeera news, "US, Japan, South Korea nuclear envoys meet after Pyongyang test", 2021.09.14 <https://www.aljazeera.com/news/2021/9/14/us-japan-south-korea-nuclear-envoys-meet-after-pyongyang-test>
4. Park Yeong-jun (박영준). 2006. "The Northeast Asian Balance Theory and 21st Century Korean Diplomacy."("동북아 균형자론과 21세기 한국외교.") Korea Political Science and Diplomacy Conference (한국정치외교사논총),28(1).
5. Kim Ye-gyeong(김예경). 2007. "China's Rise and North Korea's Response Strategy: Bandwagoning Strategies and Alliance, Supporting Policies on Various Issues ("중국의 부상과 북한의 대응전략: 편승전략과 동맹, 유화 그리고 현안별 지지정책."), International Political Discussion Group (국제정치논총),47(2).
6. Jang No-sun (장노순). 1999. "The Conflicting Foreign Policy of the Weak Countries: North Korea's Tong Mi Bong nam Policy." "약소국의 갈등적 편승외교정책: 북한의 통미봉남 정책." Korea Political Science Association Journal (한국정치학회보) , 33(1).

7. Jeong Yong-hwa (정용화). 2003. "Concepts and Conditions of Independent Diplomacy in the Transitional Period: The Theoretical Review of Joseon's Daecheong Diplomacy at the End of the 19th Century." "전환기 자주외교의 개념과 조건: 19세기말 조선의 대청외교의 이론적 고찰." International Political Discussion Group 국제정치논총, 43(2).
8. Lee Sang-hwan (이상환). 2016. The instability of international order around the Korean Peninsula and Korea's diplomatic strategy (한반도 주변 국제질서의 불안정성과 한국의 외교전략), Korea Political Science and Diplomacy Conference (한국정치외교사논총), 37(2), pp. 245-263